

Мәслихаттың 2014 жылғы 6 тамыздағы № 197 "Қостанай облысы Арқалық қаласының Үштөбе ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихаттың 2015 жылғы 20 наурыздағы № 231 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 сәуірде № 5563 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихаттың 2022 жылғы 21 маусымдағы № 129 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихаттың 21.06.2022 № 129 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Арқалық қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 6 тамыздағы №197 "Қостанай облысы Арқалық қаласының Үштөбе ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5091 тіркелген, 2014 жылғы 31 қазанда "Торғай" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қостанай облысы Арқалық қаласының Үштөбе ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

көрсетілген шешіммен бекітілген қағидаларында:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Бөлек жиынды Үштөбе ауылының әкімі (бұдан әрі – ауыл әкімі) шақырады.

Арқалық қаласы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезекті

сессияның төрайымы

Е. Цвентух

Мәслихат хатшысы

Н. Шалдыбаев

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы Арқалық

қаласы Үштөбе ауылының әкімі

_____ Н. Ахметжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК